

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 29 тамыздағы N 311 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің есеп айырысу-кассалық бөлімдерінің (жинақ кассаларының) құрылу, жұмыс істеу және жабылу тәртібі туралы ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 6 тамыз N 299. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі 2001 жылғы 22 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 1647. Күші жойылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 197 (V043034) қаулысымен.

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің

**Б а с қ а р м а с ы**

### **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 29 тамыздағы N 311 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің есеп айырысу-кассалық бөлімдерінің (жинақ кассаларының) құрылу, жұмыс істеу және жабылу тәртібі туралы ережесіне (бұдан әрі - Ереже) өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін, Ережеге өзгерістер мен толықтырулар және осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін құшіне енгізілсін.

2. Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап жеті күндік мерзімде осы қаулыны және Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ

Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2001 жылғы 6 тамыздағы  
N 299 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 29 тамыздағы N 311 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің есеп айырысу-кассалық бөлімдерінің (жинақ кассаларының) құрылу, жұмыс істеу және жабылу тәртібі туралы ережесіне өзгерістер мен толықтырулар

1. Кіріспедегі "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығына" деген сөздер "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздермен ауыстырылды.

2. Бүкіл мәтін бойынша "Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаменті", "Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаментіне" деген сөздер "Банктік қадағалау бөлімшесі" "Банктік қадағалау бөлімшесіне" деген сөздермен ауыстырылды.

3. 2-тармақтағы "органының" деген сөзден кейін "немесе лауазымды адамының" деген сөздермен толықтырылды.

#### 4 . 3 - т а р м а қ т ы ң :

бірінші азатжолы алынып тасталсын; екінші азатжолдағы "Министрлігінің" деген сөз алынып тасталсын.

#### 5 . 6-тармақ мынадай редакцияда жазылды:

"6. Есеп айырысу-кассалық бөлімдер өздеріне берілген сенімхат шегінде банк операцияларының мынадай түрлерін жүзеге асыруға құқылды:

1) жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік есепшоттар ашуға және жүргізу;

2) касса операциялары: банкноттар мен металл ақшаны қабылдау, қайта санау, ұсақтау, айырбастау, сұрыптау, буу және сақтау;

3) аударым операциялары: ақша аударымы бойынша занды және жеке тұлғалардың тапсырмаларын орындау;

4) шетел валютасымен айырбастау операцияларын үйімдастыру.

Есеп айырысу-кассалық бөлімдер өздеріне берілген сенімхат шегінде қызметтің мынадай түрлерімен шұғылдануға:

1) ақпаратты таратудың кез келген түрлерімен банк мәселелері жөніндегі арнағы әдебиетті сатуға;

2) Қазақстан Республикасының резидент сақтандыру ұйымдарының атынан сақтандыру полистерін сатуға (сақтандыру шарттарын жасауға) құқылы.

Есеп айырысу-кассалық бөлімдер қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізген кезде банктің есеп айырысу-кассалық бөлімі сонымен бір уақытта Қазақстан Республикасының валюталық заңдарының талаптарын ескере отырып Ұлттық Банктің филиалындағы айырбастау пункті ретінде тіркелуге тиіс".

6. 8-тармақтағы "және жеке" деген сөздер алынып тасталсын.

7. 9-тармақ алынып тасталсын.

8. 10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Банктің қаржылық жағдайы тұрақты болса, есеп айырысу-кассалық бөлім ашу туралы шешім қабылданғанға дейін үш ай бойы пруденциалдық нормативтерді және басқа да сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді сақтаған жағдайда, есеп айырысу-кассалық бөлім ашқаннан кейін он күн ішінде Ұлттық Банкке есеп айырысу-кассалық бөлім ашуға келісім беру туралы өтініш б е р е д і .

11. Есеп айырысу-кассалық бөлім ашуға келісім беру туралы өтінішке қоса мынадай құжаттар берілуғе тиіс:

1) есеп айырысу-кассалық бөлім құру туралы, сонымен бірге есеп айырысу-кассалық бөлім өз қызметін осы Ереженің қосымшасына сәйкес есеп айырысу-кассалық бөлім (жинақ кассасы) туралы ұлгі ереже негізінде жүзеге асыратыны көрсетілген банктің уәкілетті органының немесе лауазымды адамының шешімі;

2) есеп айырысу-кассалық бөлімнің үй-жайларын тексеру актісі және есеп айырысу-кассалық бөлім қызметкерлерін ұйымдастыру-техникалық жағынан қамтамасыз ету және іріктеу жөнінде барлық талап етілетін шарттарды банктің орындауы туралы Ұлттық Банктің аумақтық филиалдарының қорытындысы. Есеп айырысу-кассалық бөлім жұмыс істеп тұрған басқа банктің немесе банк филиалының үй-жайына орналасқан жағдайда, осы банктің тиісті жазбаша келісімі".

9. 12 және 13-тармақтар алынып тасталсын.

10. 14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Банктің есеп айырысу-кассалық бөлім құру туралы өтініші осы Ереженің 11-тармағында көзделген құжаттар түскен күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде қаралуға тиіс.

Есеп айырысу-кассалық бөлім ашу келісіміне банктік қадағалау бөлімшесінің басшысы қол қояды".

11. 15 - тармақтағы:

а), б), в)-тармақшалар 1), 2), 3)-тармақшалар болып саналсын;

1) тармақшадағы "осы Ережеге" деген сөздер "осы Ереженің 11 тармағына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) банктің есеп айырысу-кассалық бөлім ашу туралы шешім қабылданғанға дейін үш ай бойы пруденциалдық нормативтерді және басқа да сақталуға міндettі нормалар мен лимиттерді сақтамауы;";

3) тармақшадағы "есеп айырысу-кассалық бөлім ашу келісімін беру туралы өтінішті бергенге" деген сөздер "банктің уәкілетті органы немесе лауазымды адамы есеп айырысу-кассалық бөлім құру туралы шешім қабылдағанға" деген сөздермен ауыстырылсын".

## 12 . 17 - т а р м а қ т а ғ ы :

а), б), в) және г) тармақшалар 1), 2), 3) және 4) тармақшалар болып саналсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) есеп айырысу-кассалық бөлім ашқан кезде банк ұсынған құжаттарда күмәнді мәліметтер табылған жағдайда;";

2) тармақшадағы "пруденциалдық нормативтерді" деген сөздер "және басқа да сақталуға міндettі нормалар мен лимиттерді" деген сөздермен толықтырылсын.

13. Мынадай мазмұндағы 17-1-тармақпен толықтырылсын:

"17-1. Ұлттық Банк осы Ереженің 15 және 17-тармақтарында көзделген негізdemeler бойынша банктің есеп айырысу-кассалық бөлім ашуына келісім беруден бас тартқан жағдайда, банк бас тартуды алған немесе келісім қайтарылған кезден бастап 10 күнтізбелік күн ішінде есеп айырысу-кассалық бөлімді жабуға міндettі.".

14. 18-тармақтағы "2 апта мерзім ішінде" деген сөздер "он күнтізбелік күн ішінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. 22, 23 және 25-тармақтар алынып тасталсын.

16. 24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Банктің заң істеріне банктің есеп айырысу-кассалық бөлімін ашуға берілген жазбаша келісімінің, банктің есеп айырысу-кассалық бөлімін ашуға келісім беруден бас тарту және келісімді қайтарып алу жөніндегі көшірмелері тігіледі.".

17. Ереже мынадай мазмұндағы Қосымшамен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының

1997 жылғы 29 тамыздығы

N 311 қаулысымен бекітілген

Екінші деңгейдегі банктердің

есеп айырысу-кассалық  
бөлімдерінің (жинақ  
кассаларының) құрылу,  
жұмыс істеу және жабылу  
тәртібі туралы ережесіне  
Қосымша

### "БЕКІТІЛДІ"

---

(есеп айырысу-кассалық бөлімді ашу туралы  
шешім қабылдаған уәкілетті органның немесе  
лауазымды адамның құжатының атауы  
көрсетілсін)

---

(банктің атауы)

"—" 200 \_\_\_\_ жыл

---

(қ о л ы )

---

(банктің атауы)

N \_\_\_\_ есеп айырысу-кассалық бөлімі (жинақ кассасы) туралы  
**ҰЛГІ ЕРЕЖЕ**

Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес әзірленген.

#### 1. Жалпы ережелер

1. Есеп айырысу-кассалық бөлім - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің келісімімен құрылған, заңды тұлға болып саналмайтын, филиал не өкілдік мәртебесі жоқ, Қазақстан Республикасының аумағында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын

---

(бұдан әрі - банк)

(банктің атауы)

аумақтық ерекше бөлімшесі (бұдан әрі - есеп айырысу-кассалық бөлім).

2. N \_\_\_\_ есеп айырысу-кассалық бөлім \_\_\_\_\_  
(есеп айырысу-кассалық бөлім

---

ашу туралы шешім қабылдаған уәкілетті органның немесе лауазымды адамның құжатының атауы көрсетілсін)

200 \_\_\_\_ ж. "—" құрылды.

3. Есеп айырысу-кассалық бөлім өз жұмысында есеп айырысу-кассалық бөлімнің аты жазылған мөрді, мөртабанды, бланкілерді және банктің рәмізін пайдаланады. Банк есеп айырысу-кассалық бөлімді банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға арналған қолданылып жүрген заңнамаларда белгіленген талаптарға сай келетін қызметтік бөлмелермен (үй-жайлармен) қамтамасыз етеді.

4. Банк айына кемінде бір рет есеп айырысу-кассалық бөлімнің кассасындағы қалған ақшаға ревизия жасайды.

5. Есеп айырысу-кассалық бөлімді банк қызметінің арнайы субъектісі ретінде Ұлттық Банк тіркейді. Есеп айырысу-кассалық бөлімдер әділет органдарында есептік тіркеуге алынбайды.

6. Бөлімнің Банкпен бірге шоғырландырылған балансы болады. Банкке есеп айырысу-кассалық бөлімнің қызметі үшін толық мүліктік жауапкершілік жүктеледі.

7. Есеп айырысу-кассалық бөлімнің мекен-жайы:

---

(қаласы, почталық индексі, көшесі, үйінің және пәтерінің (бөлмесінің) нөмірі)

**2. Есеп айырысу-кассалық бөлімнің атқаратын қызметі және міндеттері**

8. N\_\_ есеп айырысу-кассалық бөлімнің жауапты қызметкери

---

(қызметкердің аты-жөні және қызметі)

банк берген сенімхат шегінде банктік операциялардың мынадай түрлерін жүзеге а с ы р у ғ а

құқылышы :

---

9. Есеп айырысу-кассалық бөлім әрбір операцияларды жүргізу нәтижелері бойынша банктің шоғырландырылған балансын қалыптастыру үшін банкке модемдік немесе басқа да байланыс арқылы есеп айырысу-кассалық құжаттарды және басқа да ақпаратты беруге тиіс.

10. Есеп айырысу-кассалық бөлім орындайтын операциялардың бәрі Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық кесімдеріне және банктің уәкілетті органы бекіткен Банктік операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережеге сәйкес жүргізіледі.

**3. Есеп айырысу-кассалық бөлімнің құрылымы**

11. Есеп айырысу-кассалық бөлімнің құрылымы банктің белгіленген тәртіппен бекітілген штаттық кестесіне сәйкес қалыптастырылады.

12. Есеп айырысу-кассалық бөлім қызметкерлерінің қолданылып жүрген заңнаманың талаптарына сәйкес банк белгілеген қызметтік міндетті сапалы орындау үшін арнайы білімі және тиісті біліктілік деңгейі болуы керек.

**4. Есеп айырысу-кассалық бөлімнің негізгі құрал-жабдығы, мүлкі**

13. Банк есеп айырысу-кассалық бөлімге негізгі құрал-жабдықты банктің басқармасы белгілеген көлемде береді.

14. Есеп айырысу-кассалық бөлімнің билігіне берілген банктің негізгі құрал-жабдығы банктің балансында көрсетіледі.

15. Есеп айырысу-кассалық бөлім өзіне берілген құқықтар шегінде және осы Ережеге сәйкес өз қызметін жүзеге асырады және өзіне бөлінген ақша мен мүлікті басқарады.

**5. Есеп жүргізу және есеп беру**

16. Есеп айырысу-кассалық бөлім есеп жүргізуді және есеп беруді Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

**6. Есеп айырысу-кассалық бөлімді жабу**

17. Есеп айырысу-кассалық бөлім банктің \_\_\_\_\_  
(уәкілетті орган көрсетілсін)

шешімі бойынша, сондай-ақ заңнамада көзделген жағдайларда жабылады.

18. Банк есеп айырысу-кассалық бөлімді жабу туралы шешімді он күндік мерзімде есеп айырысу-кассалық бөлімнің жабылу себебін көрсетіп, Ұлттық Банкке жіберуге тиіс.

Төраға (Төрағаның орынбасары)

Банктің басқармасы \_\_\_\_\_

М.О.

Ұлттық Банк

*Төрағасы*